

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Павлодар облысы Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 31 наурыздағы "Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округі Аққулы ауылының аумағында шектеу іс - шараларын белгілеу туралы" № 1-03/2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 11 мамырдағы № 1-03/4 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 мамырда № 28004 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабы 2 - тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27- бабы 1 - тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 - бабы 8) тармақшасына сәйкес және Аққулы ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 1.1-28/44 ұсынысы негізінде **ШЕШТІМ:**

1. Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округі Аққулы ауылының аумағында ірі қара малдың арасында жұқпалы ринотрахеит ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Павлодар облысы Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 31 наурыздағы "Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округі Аққулы ауылының аумағында шектеу іс - шараларын белгілеу туралы" № 1-03/2 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27477 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аққулы ауылдық округінің әкімі*

*А. Желдыбаев*